

Есенбаева Жанар Жеңісқызының 8D05201 – Биоэкологиялық инженерия мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған «Вермиөнімдер негізінде биологиялық белсенділігі жоғары жаңа құрамды қоспаларды жасау және олардың қолдану аясын айқындау» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

Соңғы жүз жылдықта экожүйелерде антропогендік орталардан шығатын ластаушылар санының артуына қарай, экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы байқалады. Осыған байланысты табиғат ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану мәселесі бірінші кезекте шығуда. Көптеген елдердегідей біздің елде де бұл мәселе ең маңызды мемлекеттік міндеттерге жатады, ол Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік дамуының негізгі бағыттарында қамтылған.

Осыған орай Ж.Ж. Есенбаеваның вермифтехнология әдістерін қолдану арқылы экологиялық таза өнімдер алу және оларды халық шаруашылығының түрлі салаларында қолдану мақсатында орындалған диссертациялық жұмысының ғылыми-тәжірибелік маңызы бар.

Ізденушінің ауыл шаруашылығы мен басқа да өндірістердің қалдықтарын өңдеуге қызыл калифорниялық жауын құрттар пайдаланылатын вермифтехнологияның ғылыми негізін айқындау және бүлінген топырақты залалсыздандыру мен құнарлылығын қалпына келтіру бағыттарына жасалған еңбегінің ғылымға қосатын үлесі жоғары деуге болады. Сонымен қатар құрттар биомассасы негізінде жасалған азықтық қоспалардың жануарлар ағзасына және олардың өнімдеріне әсері зерттелді. Себебі ауыл шаруашылығы өнімдерінің экологиялық қауіпсіздігі мен тауарлық сапасын жоғарылату халықтың өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін тұтыну қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Ауыл шаруашылығы мен өндірістерден шығатын түрлі қалдықтар экожүйелерге жинақталып, трофикалық тізбекке сәйкес тірі ағзаларға түсіп, олардың табиғи бейімделуіне және өздері мен келешек ұрпақтарының денсаулығына қауіптілік туғызады. Сондықтан қалдықтарды тиімді кәдеге жарату мен оларды экологиялық таза өнім алуда пайдалану маңызды мәселелердің біріне жатады.

Ж.Ж. Есенбаева докторлық диссертациясын орындау барысында, вермифтехнология өнімі (биогурус) құрамы мен қасиеттерін зерттеді. Алынған нәтижелер негізінде экологиялық таза ауыл шаруашылық өнімдерін алудың тиімді тәсілдерін ұсынған.

Алынған нәтижелерді өндірістік сынақтардан өткізіп, ауыл шаруашылығында және оқу үдерістерінде пайдалануға болатынын айқындады. Өндірістерден алынған енгізу актілері зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдарының дұрыстығын сипаттайды.

Зерттеу жұмыстарын жүргізгенде, ізденуші алдына қойған мақсаты мен міндеттерін ойдағыдай орындау үшін математикалық статистиканы, физикалық, аналитикалық және органикалық химияның, микробиологияның кеңінен қолданылатын әдістемелері мен қазіргі заман талабына сай өлшегіш кешендерін орынды және сауатты пайдалана білді.

Диссертациялық жұмыстың негізгі мазмұны нәтижесімен қорытындылары бойынша 16 ғылыми еңбек және 1 патент жарияланған. Нәтижелері халықаралық конференциялар мен семинарларда баяндалған. Оның ішінде 4 -і ҚР ҒЖБССҚК ұсынған басылымдарында, 1-і импакт-факторлы Скопус жүйесіндегі журналда және 10 - ы халықаралық конференция, 1-і басқа басылымда жарық көрген.

Есенбаева Жанар Жеңісқызының «Вермионімдер негізінде биологиялық белсенділігі жоғары жаңа құрамды қоспаларды жасау және олардың қолдану аясын айқындау» тақырыбындағы ғылыми жұмысы Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің докторлық диссертацияға қойылатын талаптарына сай орындалған, ал автор «8D05201 – Биоэкологиялық инженерия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

**Ғылыми жетекші,
техника ғылымдарының
докторы, профессор**


ҚОЛЫН
РАСТАЙМЫН.

А.Ж. Ақбасова

Қазақстан Республикасындағы
техникалық қазақ-түрік
университеті
Адам ресурстарын басқару
бөлімі

